КЕЛІСІЛДІ
«Ақмола облысының білім басқармасы» ММ басшысының м.а.
_____ В. Гамазов

БЕКІТЕМІН
«Ақмола облысының туризм басқармасы» ММ басшысы
_____ Ш. Батырханов

«Менің Отаным-Қазақстан»
Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың)
II облыстық кезеңін өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ

«Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияны өткізу ережелері өткізудің мақсаттарын, нысандарын, ретін және қаржыландыруын анықтайды.

1. Мақсаттар мен міндеттер:

-балалар мен жасөспірімдер, жастар туризмін дамыту;
-салауатты өмір салтын насихаттау;
-жастарда азаматтық негіздерін және Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
-экологиялық – білімдікті және жалпы мәдени деңгейді арттыру;
-туристік – өлкетанымдық және спорттық шеберліктің деңгейін жақсарту;
-балалар мен жасөспірімдер және ішкі туризм қағидаттарын ұстанатын, мүдделі департаментер мен басқармалардың жұмыстаран үйлестіру.

2. Экспедицияны ұйымдастыру және жетекшілік.

2.1. «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың) II облыстық кезеңін ұйымдастыру және жетекшілік Ақмола облысының туризм басқармасы, білім басқармасы, Зеренді және Сандықтау аудандарының әкімдіктері және басқа ведомстволар құрамындағы ұйымдастыру комитетімен жүзеге асырылады.

2.2. Қатысушылардың жол барысында, сондай-ақ экспедицияға қатысушыларының тұру орнындарында құқық тәртібімен қамтамасыз ету Ақмола облысы ішкі істер департаментімен іске асырылады.

2.3. Экспедиция қатысушыларының медициналық жәрдеммен қамтамасыз ету Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасымен қамтамасыз етіледі.

2.4. Санитарлық – эпидемиологиялық бақылауды және тамақты дайындау сапалығын Ақмола облысы санитарлық – эпидемиологиялық мемлекеттік департаментімен қамтамасыз етіледі.

2.5. Қауіпсіздікпен және ТЖ, экспедицияны жүргізу барысында маршруттарда дүлей апаттарды болдырмау үшін Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаментімен қамтамасыз етіледі.

3. Экспедицияны өткізу негізі, уақыты мен орны.

3.1.Қазақстан Республикасы Үкіметімен «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхат) кейбір мәселері туралы» 2009 жылдың 27 қаңтардағы №61 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер, жастар туризмін дамыту мақсатында Ақмола облысының туризм басқармасы, білім басқармасымен, Зеренді және Сандықтау аудандарының әкімдіктерімен бірлесе, Ақмола облысы әкімдігінің қолдаумен 2017 жылдың 2 – 4 тамыз аралығында Зеренді ауданының Исаковка а. және Сандықтау ауданының Үлкен-Түкті орман шаруашылығының жерінде «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхат) II облыстық кезені өткізіледі.

4. Экспедицияға қатысу

4.1.«Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың) II облыстық кезеніндеаудандық экспедиция кезенінің жеңімпаздары, сонымен қатар мүдделі басқармалар мен ведомстволар қатысады.

4.2. Ақмола облысының делегациясы аудандық экспедиция кезеңінің жеңімпаздары келесі номинациялар бойынша құралады: мәдени – танымдық, экологиялық – өлкетанымдық, және спорттық – сауықтыру туризмі **(әр номинацияда 5 адамнан), нұсқаушы** және туризм саласындағы жергілікті орындау органының **өкілі**.

4.3. Команда мүшелерінің формасы біріңғай, үжымның біріңғай формаларымен болуы тиіс.

5. Экспедицияның бағдарламасы және тақырыбы.

5.1. «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың) II облыстық кезенің шегінде келесі іс-шаралар жүргізіледі:

а) туған өлкенің туристік мүмкіндіктерін ұсыну;

б) туристік (бард) өленнің кеші;

в) номинациялар бойынша туристік саяхаттар: мәдени – танымдық, экологиялық – өлкетанымдық және спорттық - шынықтыру туризмі;

г)туристік эстафета (эстафетаның түрлері және кезендері төрешілер алқасында жарияланады);

д) «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың) I аудандық кезенің есебі;

6. Экспедицияға арналған құрал – саймандар.

6.1. Экспедицияның қатысушылары, далада орналасу және жарыстарға қатысу үшін керекті жеке және топтық құрал – саймандармен жіберілетін мекемемен қамтамасыз етіледі.

6.2. Экспедицияға қолданылатын топпен барлық арнайы құрал – саймандар қауіпсіздік ережесіне сай болуы керек. Маршрутта қолдан істелінген,

сәйкестендірілмеген жасаушының және тозған немесе бұзылған құрал – саймандар жіберілмейді.
6.3. Керекті құрал – саймандар.
Жеке: рюкзак, ұйықтайтын қап, дауылға қарсы куртка немесе анорақ, туристік бәтеңке немесе кроссовки, туристік кілем, КҚТП (кружка, қасық, тәрелке, пышақ), жай және тоқыма нәски, сулық (жаңбырға қарсы жапқыш), свитер, шалбар, бас киім (міндетті түрде!), ауыстыратын іш киім, шомылу киімі, жеке гигиена құралдары, реппелентер (жәндіктерге қарсы құралдар), сары масадан қорғаныш тор.
Топтық: шатыр (палатка), қазаңдар жиынтығы (2 дана), шаруашылық тент, төсегіш, жөндеу жиынтығы, кішкентай туристік балта, туристік сұйықтық компас, медициналы қобдиша (газ жанарғысы), қорында 2 дана батарейкасы бар электрлі қол шамдар, футбол, волейбол добы, саяхаттық күнделікті жүргізетін дәптер.

7. Экспедицияның қорытындысын шығару.
Қорытынды Ұйымдастыру комитетіне ұсынылған аудандық кезеңдердің өту есептері және «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның (туристік саяхаттың) II облыстық кезенің өту барысында толтырылған және ресімделген күнделіктер бойынша шығарылады.

8. Марапаттау.
8.1. Комплекстік сынақта бірінші орын алған командалар Ақмола облысы білім басқармасының ауыспалы Кубогымен және дипломмен марапатталады.
8.2. Жүлделі орын алған топтарАқмола облысы туризм басқармасының бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі дипломдармен марапатталады.
8.3. Бағдарламаның бөлек түрлерінен және массалық іс-шараларда жеке біріншілікке жеткен қатысушылар Ақмола облысы білім басқармасының мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталады.

9. Қаржыландыру.
9.1. «Менің Отаным-Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның II облыстық кезеңің өткізу барысында көлікке төлеуге,дипломдарды жасауға, сыйлықтарды сатып алуына кеткен шығындарына Ақмола облысының туризм басқармасы жауапты.
9.2. Баннерлерді жасауы және рәсімдеу, кергілерді, төсбелгілерді, күнделіктерді және басқа полиграфиялық өнімдерді жасауымен байланысты шығындарына Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» МКҚК жауапты.
9.3. Экспедицияға қатысушылардың және нұсқаушылардың өткізілетін шараның орнына жетуіне, тамақтануынажәнетұруына (аудандық кезеңнің жеңімпаздары) кеткен шығындар жіберетін мекеме есебінен алынады.
9.4. Туризм саласындағы жергілікті орындау органы өкілдерінің шығындары жіберілетін мекеменің есебінен. Жеке қатысу – жеке қаражатынан.

9.5. Маршруттардағы нұсқаушылардың шығындары Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» МКҚК есебінен алынады.

10. Өтінімдерді беру мерзімі.

«Менің Отаным - Қазақстан» Республикалық туристік экспедицияның II облыстық кезеңіне қатысу үшін берілетін алдын ала өтінімдер жергілікті орындау органдарымен құралады және **2017 жылдың 28 шілдеге дейін** Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология орталығы» МКҚК –на келесі мекен-жайға жіберіледі: Көкшетау қ., Елемесовкөшесі, 45., тел./факс: 87162 256723, e-mail: astyr2005@mail.ru, сондай-ақ Ақмола облысының туризм басқармасына тел./факс: 87162 401592,e-mail: akm_tour@mail.ru жіберіледі.